

А.Т. Мухамеджанова^{1*}, Г.Т. Мухамеджанова², С.Ж. Жуанышпаева²

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы, Қазақстан, Астана қ.

²Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Петропавл қ.

*e-mail: aina_mu@mail.ru

ПОЭТОНИМДЕРДІҢ МӘДЕНИ-ФОНДЫҚ НЕГІЗІ

Қазіргі ғылыми еңбектерде белгілі бір халық мәдениетінің негізі болып табылатын ұлт тілі – адами қарым-қатынастың ажырамас бөлігі, әлеуметтік-қоғамдық құрылымның басты индикаторы, сондай-ақ ұлттық құндылықтың маңызды құрамдас компоненті ретінде қарастырылады.

Тіл – лингвомәдени қоғамдастықтың жинақталған және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тәжірибесінің тасымалдаушысы. Ал мәдениет өз кезегінде қоғамның дамуына қажетті ақпаратты өңдеу және таңбалау жүйесі ретінде сипатталады.

Құндылықтар жүйесіндегі адам өмірінің маңызды категорияларының бірі – тіл болғандықтан, ол адамның әлеуметтік жағдайында қарым-қатынас орнату қабілетін көрсетеді және өзін-өзі танытын тіршілігін, рухани және эстетикалық қажеттілігін бағалауға қатысты ойлау жүйесі арқылы сабақтастыққа ие, ал сөйлеу әрекеті өз тарапынан рухани және тұрмыстық кеңістіктегі болмысқа негізделгенін көрсетеді.

Бүгінгі күні әдебиеттану мен тілтаным саласының келелі мәселелерінің бірі – руханиятымыздың негізі болып табылатын халықтың танымы, этнографиялық, өркениетке қатысты атаулары, этнолексика, қазақ ұлтына тән мәдени-дүниетанымдық ерекшеліктерді, яғни тілдің кумулятивтік және поэтикалық қызметіне, халықтық әдеби-тілдік дәстүрімен ұштасатын поэтикалық тілдің өзіндік заңдылықтарын және оның эстетикалық құрал ретінде жұмсалуды, көркем сөз кестесінің төгілу жолдарын, көркем сөз құралдарының тілдік көрінісін қарастыру болып табылады.

Поэтонимдер – стилистикалық құрылым мәнерін, поэтикалық мәтінде жалқы есім атауларының қолданылу ерекшелігін, оқырман қауымның түйсінуі мен жазушының эстетикалық мақсатын айқындайтын ономастиканың бір тармақшасы.

Түйін сөздер: поэтоним, мәдени-фондық негіз, ономастика, лингвомәдени бірлік, үеж, ұлттық құндылықтар.

A.T. Mukhamejanova^{1*}, G.T. Mukhamejanova², S.Zh. Zhuanyshpayeva²

¹Kazakh national academy of Choreography, Kazakhstan, Astana

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Kazakhstan, Petropavlovsk

*e-mail: aina_mu@mail.ru

Cultural background basis of poetonyms

In modern research, the national language of any nation is studied as a means of communication and as a component of human communicative activity, and is also considered as the main indicator of the socio-social system, an integral part of culture as an accumulator, keeper of the collective experience of the linguistic and cultural community, transmitted from generation to generation, and culture is studied as an integral part of the system of processing and labeling information, necessary for the development of society.

Language is one of the most important categories in the system of values of human life. Through language, a person not only establishes relationships in the social system, but also evaluates his conscious life, connects his spiritual and aesthetic needs with the system of artistic thinking, makes the act of speech the basis of his spiritual and social being.

To date, one of the topical issues in the field of literary studies and linguistics is the knowledge of the people, which is based on spiritual culture, ethnographic, material and cultural names, ethnolexics, cultural and ideological features characteristic of the Kazakh nation, poetic language based on the cumulative poetic function of the language and associated with the folk literary and linguistic tradition, consideration of the laws of language and its use as an aesthetic means, the study of methods of spreading the artistic word, the linguistic expression of artistic means.

Poetonyms is a section of onomastics that studies proper names in works of fiction, their structure, use in the text, expressing the reader's perception and aesthetic point of view of the writer, determining its purpose.

Key words: poetonym, cultural background, onomastics, linguistic and cultural unit, motivation, national values.

А.Т. Мухамеджанова^{1*}, Г.Т. Мухамеджанова², С.Ж. Жуанышпаева²

¹Казахская национальная академия хореографии, Казахстан, г. Астана

²Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Казахстан, г. Петропавловск

*e-mail: aina_mu@mail.ru

Культурно-фондовая основа поэтонимов

В современных исследованиях национальный язык любого народа исследуется в качестве средства общения и как компонент коммуникативной деятельности человека, а также рассматривается как главный показатель общественно-социальной системы, составной частью культуры как накопителя, хранителя коллективного опыта лингвокультурного сообщества, передающегося из поколения в поколение, а культура изучается как составная часть системы обработки и маркировки информации, необходимой для развития общества.

Язык является одной из важнейших категорий в системе ценностей человеческой жизни. Через язык человек не только устанавливает отношения в социальной системе, но и оценивает свою сознательную жизнь, связывает свои духовно-эстетические запросы с системой художественного мышления, делает акт речи основой своего духовного и социального бытия.

На сегодняшний день одним из актуальных вопросов в области литературоведения и языкознания является познание народа, в основе которого лежат духовная культура, этнографические, материально-культурные наименования, этнолексика, культурно-мировоззренческие особенности, характерные для казахской нации, поэтический язык, основанный на кумулятивно-поэтической функции языка и его использование с народной литературно-языковой традицией, рассмотрение законов языка и его использование как эстетического средства, изучение методов распространения художественного слова, языковое выражение художественных средств.

Поэтонимы – раздел ономастики, изучающий имена собственные в художественных произведениях, их структуру, употребление в тексте, выражающий читательское восприятие и эстетическую точку зрения писателя, определяющий его назначение.

Ключевые слова: поэтоним, культурно-фондовая основа, ономастика, лингвокультурная единица, мотивация, национальные ценности.

Кіріспе

Лингвистика саласында жүргізілген әр түрлі ғылыми жұмыстарға қарамастан, әлі де кеңірек зерттеуді керек ететін бірқатар өзекті мәселелер бар. Солардың бірі – көркем шығарма тілінің ажырамас атрибуты ретіндегі поэтонимдерді ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру болып табылады.

Тіл қоғамның тарихи дамуында, мәдени байлығында, соның ішінде этникалық өркениетінде, рухани өмірінде болатын жаңалықтармен бірге түрлі қарым-қатынастардың нәтижесінде пайда болады. Тілдің өміршеңдігі қоғам мен халық дамуына, оның ғасырлар бойы жаңартылуына әсер етеді. Сондықтан тілді зерттеу мәселесі қоғамдық өмір үшін де қажетті, тілдік қордағы сөздердің пайда болуы, ондағы сөз мағынасының түрліше өзгеріске ұшырауы, сондай-ақ олардың әр бағытта дамуы, сөздердің жалпы негізгі құрылымын қоғамдық аспектіде үйлестіреді.

Шығарма тіліндегі ұлт мәдениетінің бір көрсеткіші болып табылатын поэтонимдер қазақ сөз зергерлерінің көркем туындысында кездесетін жалқы есім атауларын білдіреді.

Қазіргі кезеңдегі зерттеу жұмыстарында рухани құндылықтар басты назарда, тіл мен мәдениеттің өзара байланыстылығына сәйкес мәдениеттің өзі метатіл ретінде айқындалып, оның әлеуметтік қызметтерін талдауда, оның қарым-қатынас, мұрагерлік сипаттары зерттеудің негізгі нысанына алынады. Осы ұстаным бойынша мәдениет метатілін этномәдени жүйеде айқындайтын өзекті арнаның бірі – көркем мәтіндегі поэтонимдердің мәдени-фондық қоры болып табылады. Поэтонимдердің мәдени-фондық негізіне белгілі бір ұлт өмірінің әлеуметтік тарихы, рухани-мәдени-материалдық құндылықтары аясында жинақталған ұғым-түсініктері кіреді. Сондықтан поэтонимдердің ең басты өзгешілігіне халықтың ұстанатын тұрмыс-салты мен қордаланған ұлттық дүниетанымынан туатын атаулар жатады. Көркем шығармадағы поэтонимдердің әртүрлі болып келуі, мәтінде олардың қолдануы, аталымдық жағынан берілу ерекшелігі белгілі бір шығарманың тарихи-мазмұндық жанры мен сипатының өзгешіліне байланысты болып келеді.

Жалпы әдеби тілдің өзі де оның ішінде қайсыбір шығарманың тілі болса да ең әуелі жеке тұрып қолданылатын, поэтонимдерден (жалқы

есімдерден) құралады. Сол поэтонимдердің барынша бай болуы, құнарлы келуі, «жүрекке жылы тиіп» тұруы, оның тағы да сол сияқты толып жатқан талап пен тілектерге жауап бере алатындай дәрежеге жете білуі көркем туындының да басты көрсеткіші болып табылады. Сол себепті көркем мәтіндегі жалқы есім/поэтоним – ең басты да қажетті элемент. Ол шығарманың оқырманға түсінікті, ұтымды түрде жетуіне өзіндік үлес қосады. Шығарма тіліндегі жалқы есімдер/поэтонимдер тілде бұрыннан бар, сақталып келген атау болуы немесе жеке автордың танымынан тууы да мүмкін.

Көркем шығармадағы поэтонимдер ұлттық танымның құрамдас бөлігі ретінде де өз бойында этнос болмысының, бүкіл де бүтін қасиетін ғана сақтап қоймай, нақты белгілі бір халықтың әлеуметтік жағдайында болып жататын әр алуан саяси-әлеуметтік, этникалық құрамдық, мәдени шаруашылық өзгерістерді белгілі дәрежеде бейнелей алатындығымен ерекшеленеді.

Поэтонимдерді жалпы тілдік, соның ішінде этнотанымдық, этномәдени тұрғыдан қарастыру қазақ тілінің лексикология, этимология, ономастика сияқты салаларын тың тілдік деректермен толықтырады, сондай-ақ, ұлттық дүниетаным мен тіл тарихы арасындағы байланыстарды, атаулар мен сол атауларға арқау болушы этномәдени негіздерді анықтауға септігін тигізеді.

Материалдар мен әдістер

Талдау жұмысының негізінде Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романы (Мұстафин, 2013: 52-432), Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» триологиясы (Нұрпейісов, 1977: 824) сияқты көркем әдеби туындылар, сондай-ақ Т. Жанұзақтың «Қазақ есімдерінің анықтамалығы», (Жанұзақ, 2009: 17-525), С. Кенже-ахметұлының «Туыстық атаулар сыры» (Кенже-ахметұлы, 2003: 48), Т. Жанұзақтың «Есімдер сыры» (Жанұзақ, 2004: 25-208) сияқты сөздіктер зерттеудің дереккөзі ретінде пайдаланып, барлығы 1200 атаудан тұратын авторлық картокалық қор түзілді.

Жұмыс барысында зерттеудің кешенді теориялық әдістері салыстыру, саралау, жинақтау, жүйелеу, лингвомәдени талдау, лингвистикалық талдаудың этимологиялық әдісі, әдеби талдау, компоненттік талдау, стилистикалық, мәтіндік тәсілдер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Бүгінгі күні тарих пен тілдің тіл мен қоғам арасындағы табиғи тұтастыққа бірдей қатысы жоқ деген пікірлер де айтылуда. Бұл жайында «Тарихи деректерді әртүрлі объективті себептермен сақтау мүмкін емес, ал тіл қанша дәуір өтсе де, ғасырлар бойы үнемі жаңарып, қайта жанданып отырады, сондықтан, сөзсіз, тіл өткен өмірдің куәсі бола алады», – дейді ғалым Ә.Қайдаров (Қайдаров, 1998: 140). Сол себептен де көркем шығарма шеңберінде берілетін поэтонимдердің мәнін зерттеу арқылы тілдік ұжымның қоғамдық салада жинақталған әлем жайындағы білімін, халықтың өзіне тән мінез-құлқын, дүниеге деген көзқарасын тілдің ономастикалық жүйесімен байланыста ұлттың логика-философиялық тұғырын айқындауға болады.

Руханият, құндылық негіздері, ұлттық дүниетанымы, этнографиялық заттық мәдениетке қатысты онимдер, сөз байлығы, қазақ ұлтына тән мәдени ой-танымдық-пәлсафалардың ерекшеліктері Қ. Рысберген, Н. Уәлиұлы, Қ. Қайырбаева, Ж. Манкеева, С. Сәтенова, Г. Смағұлова, А. Сейілхан, т.б. зерттеу жұмыстарында біршама қарастырылған.

Нәтижелер мен талқылау

Поэтонимдердің өзіндік ерекшелігін зерделеу, жалпы түзілу үдерісін айқындау, мағынасы мен этимологиясын ашу, әрбір ұлттың, белгілі бір жердің атау берудегі сөзжасамдық құрылысын қарастырумен қатар, көркем шығарманың стилистикалық жүгінің бір қыры жалқы есімдердің қолданылуы екеніне көз жеткіземіз.

«Ұлттық ономастиканың негізгі өзгешелігі олардың нақты бір ұлт тіліне жататындығына ғана байланысты емес, сонымен бірге ұлттық атаулар түзілген және қалыптасқан ұлт мәдениетіне де қатысты болуында» (Жанұзақ, 2004: 25). Сондықтан поэтонимдердің ұлттық өзгешелігі жайындағы ақпаратты халықтық-ұлттық негізден қарау қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, жалқы есімдерге байланысты «қазақ-мәдени ерекшелікті» – ұлттың белгілі бір дүниеге қатысты ұстанымы, экономикалық-әлеуметтік мәдениеті, сондай-ақ олардың атау сөздердің мағынасында көрінуін жатқызуға болады. Осы жүйені зерттеп жүрген ғалымдардың ойынша,

кейінгі жылдарда тілтаным саласында ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениетке байланысты ғылыми еңбектер зерттеу нысаны бойынша жіктелуде.

Орыс антропонимикасын зерттеуші ғалымдардың бірі Л.И. Андреева: «Поэтонимдердің мазмұны мен мағынасы лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатының күрделі кешенін көрсетеді. Поэтонимдердің барлық мағыналық қыры поэтикалық мәтіндегі көркем образдың сипатын ашу кезінде байқалады. Поэтонимдердің денотаты автордың ойынан туған бейнелер болып табылады, әрине бұл жеке қолданыстағы есімге алып келеді. Бұл есімдердің негізгі, түпкі мағынасы көркем шығармада ғана түсінікті болады» деген пікір айтады (Мәдиева, Иманбердиева, 2005: 140). Поэтонимдердің негізгі, түпкі мағынасының мәтін арқылы толықтай ашылуы «Дауылдан кейін» романында былайша көрініс береді: – Қымыз ішусіз, жұрт тілсіз қалды біразға дейін.

– Жыртқаның – Шөгелдің жағасы емес, менің жағам, бала! – деді Малқар. Лезде, өрт сөндіргендей, түтіге қалыпты. Ыза буып, одан әрі сөйлей алмады. Аман болыстың өзінен де ыққан жоқ:

– Кімнің жағасы болса да, жыртуға тура келді! – дегенде, арт жақта, сыртта үйді қоршап дуылдағандардың ішінен бір дауыс ашық естілді:

– Қарағым, көп жаса!

Аман бұдан әрі тұрмады. «Қолыңнан екі келсе, бірін қыл» дегенді аңғартқан соң, топты жарып, еркін басып шығып кетті (Мұстафин, 2013: 52).

Бұл үзіндіде Аман жан-жағын қоршаған алауыз мансапқорлар (ауыл шонжарлары) қарап тұрса да тайсалмай қарапайым халықты қорғау, солардың сөзін сөйлеп, дұрыстығын дәлелдеу, небір қысылтаяң сәттер де, қауіпті кезеңдерден де аман шығып отырады. Жазушы өз шығармасындағы бас кейіпкердің мінез-құлқын, оның мәдени-фондық қырын ашуда үшін Аман есімін Аманжан деп те береді.

Аманжан – сау-саламатты, есен-сау, төрт құбыласы тең жан (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2014: 9) дегенді білдіреді. Ал «жан» сөзінің мағынасы кең. Оның бірнеше мағынасы бар. Біріншісі, жан – бір ерекше рухани өлмейтін нәрсе. Екіншісі мағынасы – жүректен бойға тараған қан немесе жүрек соғысы. Үшіншісі – адамның психологиялық ішкі сарайы, ой-санасы, рухани қасиеті. Төртіншісі – күш иесі, адам мағынасында қолданылады. Бесіншісі – жану мағынасындағы етістік. Алтыншысы –

біреуді қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз. Мысалы, жан анам, жан әкем, жан сәулем, жан ботам, т.б.

Академик Ә. Қайдар қазақ тіліндегі түр-түс атауларының тілдік негізі, пайда болу жолдары, түр-түс атауларының субстантивтенуі (заттануы) мен символдық ауыс мағынада қолданылуын «көп дәстүрлі танымға байланысты мәселе» ретінде қарайды (Қайдаров, 1998: 33).

– Ақжанды шақырып кел, қонақпен бірге болсын, – деп бір баланы жүгіртіп жіберді де, Ақан төргі бөлмеге келіп, жайланып отырды (Мұстафин, 2013: 117).

Ақжанның мінезін, орысшалағанын қызық көріп, Аман жымия берді. Ақжан әңгімеге тояр емес, қаладан бастап қырдан, қырдан бастап қаладан шығады (Мұстафин, 2013: 119).

Ақжан үнсіз, ұзын, жуан саусақтарын бүктеп, сыртылдата береді (Мұстафин, 2013: 119).

Ақжан – ақ және жан сөздерінің бірігуінен жасалған. Ақ – тазалықтың белгісі, жан – адам, кісі деген мағынаны береді. Екеуі де зат есім. Ақжан – адал, таза адам, ақкөңіл жан болсын деген ниетпен қойылған есім. Ақмұқан, Ақжол, Ақтайлақ есімдерінің еркелете қысқаша айтылатын түрі. Ақжан есімінің иелері елдің оңтүстік, шығыс, Алтай тауларының баурайында көп кездеседі (Жанұзақ, 2009: 126).

Қазақтың дүниетанымына сай ырымдап, қаза болған адамның орнын басып, ол жетпеген ғұмырдың ақысына ұзақ өмір берілуін тілеп сәбиге қойылатын есімдердің қатарында Ақыжан, Орынбасар, Орынтай, Төлепберген т.с.с. Мұндай есімдер тілімізде көптеп кездеседі.

«Бай болсын, ауқатты болсын» деген тілекпен қойылатын Байбол атын кейіпкер есімі етіп таңдап алу арқылы жазушы жаңа, кеңестік мемлекеттік құрылымды жасаумен тұстас келген аумалы-төкпелі заманды, қазақ халқының басынан кешіп жатқан сол кездердегі әуре-сарсаңды суреттеуді диттейді. Байбол поэтонимі – «байлардың басынан бақ құсы ұшқан заманның» символы. Жазушы Байболды былайша суреттейді: Ақ киізден жасалған сөмкесі бар, ысталған және түтеленген қойын дәптері қолында, басындағы ескі шляпа Мырзаникі, саптама етік аяғында, қолында күміс сақинасы бар. Осындай ауылнайдың сыртқы келбеті қараған кісіге біраз нәрсені сездірткендей (Мұстафин, 2013: 43).

Көркем шығармадағы әрбір кейіпкер атының лингвомәдени сипаты оның оқиға ортасындағы қылық-қимылымен, мінез-құлықтарымен де

байланысты айқындалады. Мысалы, кейіпкер Байболдың түр-келбеті, мінез-құлқы, іс-қимылы уақиғаның әсерлеуші фоны ретінде беріледі. «Байбол қойнына қолын салып жіберіп, қақшиып тұрып, ар жақтағы ішкі төс қалтадан көне бірі шүберек шығарды. Шүберек ішінен жұқа резинкададан жасалған дөңгелек мәрді алды. Оны тез түкіріктеді, оған болмаған соң тілімен айнала жалап, сия сауыттағы қарындашты езіп, ақ қағазға басып-басып жіберді» (Мұстафин, 2013: 44).

Қазақ антропонимия жүйесінде халқымыздың этнопсихологиялық болмысы өзіндік пішінде айтылымға ие болып келеді, яғни үлкен мен кіші, аға мен іні арасындағы байланыстың тұрмыс-салтында көрініс береді. Осындай сый-құрмет көрсету, сыйлау мәнін әке-еке, -ке, -әке, -еке, жұрнақтары береді (Жанұзақ, 2009: 17). Мысалы: – Мәтекең ұрпағымен ұстасуға үйренгем (Мұстафин, 2013: 90).

Тілдік бірліктерде мәдени ақпарат болады, олар мәдени коннотация арқылы беріледі. Жазушының аталмыш шығармасындағы кейіпкер есімдері Нұрша, Нұрғали, Нұржан, Сәуле, Жамал, Ақылжан, Жомартбек, Серік сияқты кейіпкер есімдерінің фондық негіздері қазақ халқының дүниетанымын, діни наным-сенімін, тұрмыстық мәдениетін, шаруашылық негізін т.б. таныта алады.

«Дауылдан кейін» романында автор кейіпкер образын сомдауда Мырза, Шодыр, Қызыл тоқал, Жылпос Жақып, Топас Байбол лақап есімдеріне жиі жүгінеді және оларға негізінен саркастикалық жағымсыз реңк үстемелейді. Мұнда поэтонимдер көркем шығарманың экспрессивтік-эмоционалдық күшін арттырып, ұлттық нақышын әрлеуге қатысады. Себебі, лақап есімдер – адамдардың мінез-құлығына, қоғамдағы әлеуметтік орнына қатысты экспрессивтік-бағалауыштық мән арқалайтын ономастикалық бірліктердің бірі. Мысалы: Шәкенді ауылдастары, жамағайын, туған-туыстары мырза деп атайды. Рулы елге бас болып отырған адамның атын тура атамай, сол адамның істеген іс-әрекетіне, жұртқа жасаған қамқорлығына қарап, өзгеше бір құрметпен мырза, байеке, төре деп атаудың негізінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі ат тергеу рәсімі жатады десек, Ғабит Мұстафин сомдаған Шәкен мырза да ел ағасы. Шәкенді жұртқа, ауылына, жамағайын, туыстарына, тіптен қасындағы тоқалына Мырза деп ататқанда жазушы Шәкен бойынан табылатын ұсақтықты көрсету арқылы бұл

есімге құрметтен гөрі кекесін мән дарытады. Мәселен, көздері үлкен әрі жасты, жылы жүзді толық қоңырқай келбетті болса да, жұрт айтуындағы «мырза» сөзі жай айтылған сөз, қайырымы аз, өте есепке жүйрік адам бұл. Жаңа қарап тұрғанда, құдықтың бар суын да санап қойған болуы керек (Мұстафин, 2013: 10).

Шәкен мырзаның биесін Тоқабай деген кісі сауады. Бұрын советке дейін ұрлық жасаған. Кедейдің кербезі. Шәкен жоғалған жылқысын содан көріп, ағайынды үш жігітті де жұмсап отыр, жылқысының орнына, Тоқабайға бие сауғзып қойды (Мұстафин, 2013: 37).

Тілдегі лексикалық байлықтың бір алуаны – кісі есімдері десек, кейіпкер аттарының фондық негізі халықтың тұрмыс-тіршілігімен, ұлттық психологиясымен, тәлім-тәрбиесімен, материалдық-рухани қазынасымен астасып жатады және бұларды жалқы есімді жасаушы этномәдени фон ретінде тануға болады. Ономастикалық лингвокультуремалардың қазақи-мәдени ерекшеліктерді беруде атқаратын рөлі ерекше. Өйткені ономастика тілдік, өркениеттік, тарихи және мәдени деректерді жинақтаған ерекше лингвомәдени бірліктер болып табылады. Әсіресе, антропонимдердің тілдік-мәдени беретін аясы өзгеше болады. Қазақ халқының сәбиге есім беруінде нақты бір ырымға байланысты болуы сөздердің құдіретті киесіне қатысты екендігін білдіреді. Мәселен, Жамантай есімі балам әрқашан аман-есен болып, оған ешкім көздікпесін деген ойдан туған, яғни қазақтың наным-сенімінен туындайды. Қазақ танымындағы «болат» сөзі қиындықтарға төзімді болсын деген жорамды білдіреді. – Ұл туса атын Болат қой (Мұстафин, 2013: 288).

«Поэтонимдердің (көркем шығармадағы жалқы есімдердің) ұлттық-мәдени өзгешілігі жайында сөз етуде белгілі бір негіздің болуы шарт. Белгілі денотат атауында олардың бейнесі, лексикалық аялары болады, олар аталмыш объектке қатысты ақпарат береді. Жалқы есімдердің өн бойында адамзаттың тұрмыс-салтына, ой-санасына негізделген (белгі, нақыш, ой-себеп, т.б.) болады» (Никонов, 2015: 125). Шолпан – аталмыш көркем шығармадағы кейіпкер есімі. Жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» атты шығармасы кеңестік дәуір құру барысындағы қазақ жеріндегі түрлі жағдайға қатысты, халқымыздың басынан өткен оқиғалардан туған әдеби туынды. Сол бір замандарда ел ішіндегі байлар жас қыздарды еркінен тыс қалыңдыққа алған. Романдағы

Шолпан – жастай алған, еріксіз күйеуге шыққан Шәкен деген мырзаның уылжыған жас тоқалы. Сөз зергері шығарманың негізгі кейіпкеріне Шолпан есімін бере отырып, сол бір кезеңдегі қазақ әйелінің бейнесін, оның қилы тағдырын сипаттаған. Көркем шығармаларда қазақ қызының бейнесі ұлттық құндылықтарымызбен байланыстырыла суреттеледі:

Тоқалына бай, жуан кеудесімен бұрыла карап: – Қымыз құй, Шолпан! – деді. Ақырын жүріп Шолпан екі аяқ қымызды екеуіне ұсынды... (Мұстафин, 2013: 53).

Суреткер қазақ әйелінің бейнесін беру, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрінен туған тәлім-тәрбиеге бағытталған іс-әрекет (ақырын басу, сабырлы қалыпта болу) негізінде суреттей отыра, ертеден келе жатқан ұлттық тағамымыз, (екі аяқ қымыз ұсыну) сусынымыз арқылы ұлттық мәдениетімізді көрсете отырып, кейіпкер болмысын танытуда поэтонимдер тұрпатының өзгеру қуатын мүмкіндігінше пайдаланады.

Мырза тоқалға: Шешші, бәтеңкемді! – деді. Аяқ киімінен бастап, сыртқы киімін шешті. Әдетінше жастыққа жатып, тоқалға:

– Сипашы, аяғымды!

Жуан аяқты да жүндес денені қызыл тоқал тоқтаусыз сипай берді (Мұстафин, 2013: 42).

Бұл мәнмәтіннен қазақ әйелдерінің ұлттық танымындағы отағасына деген құрмет, оның айтқанын орындау, көңіліне қаяу түсірмеу, қарсы шықпау, дегеніне көну, күтім жасау секілді дүниелерді аңғаруға болады. Сонымен қатар «тоқал» бейнесі арқылы сол кезеңнің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайынан хабар береді. Жазушы кейіпкер бейнесін сомдауда қызыл тоқал секілді атаулар арқылы көркем туындыға экспрессивті-эмоционалды реңк береді, қазақ ұғымындағы «қызыл тоқал» сөз тіркесі жас, жастық деген мағынаға саяды, келіншектің уылжыған жас екендігін бейнелейді. Сондай-ақ суреткер ұлттық болмысымыз және кейіпкерлердің түрлі жағымды-жағымсыз іс-әрекеттері арқылы мәдени фон жасайды, мәнмәтін негізінде олардың әрқайсысына эмоционалды-экспрессивтік сипат береді.

Уәж – ат қойып, айдар тағудағы ең бірінші, ең қажетті шарт болып табылады. Уәж болатын белгілер әртүрлілігімен ерекшеленеді және ат беруші халықтың (ұлттың) дүниетанымдық көзқарастар жүйесімен, дәстүрлі тұрмыстық мәдениетімен астасып жатады. Жалқы есімдерге, соның ішінде антропонимдерге қатысты алғанда атаудың уәждемелік негізіне сол адамның

түр-түсі, бітім-болмыс, ішкі жан дүниесі, тұлғасындағы артықшылық не кемшіліктен бастап, сақал-шашына дейінгі өзіндік айрықша белгілер мен қазақтың адамға азан шақырып, ат қоюда негізге алатын этномәдени әлемінің белгі-нышандары қамтылуы мүмкін. Мұндай ерекшелікті көркем әдебиетте суреткер таңдауы бойынша қойылған кейіпкердің аты-жөні, тегіне қатысты белгілердің ұлттық психологиялық болмыс пен таным негізінен байқауға болады. Мәселен, Шолпан есімінің негізгі номинациялық принципіне сүйенсек, әдеміліктің символы. Қазақтың космологиялық білім жүйесінің нәтижесінде қазақ қыздарына берілетін Шолпан есімінің аталымдық мазмұнына Шолпан жұлдызының астрономиялық белгісі алынады. Басқаша айтқанда, Шолпан – зат есім. Күнге жақын ғаламшардың бірі, жарық жұлдыздың атауы. Шолпан жұлдызымен ассоциация тудыратын белгілердің тіл иесінің образды ойлауымен астасуының негізінде қыз балаға екіншілік атау – Шолпан есімі беріледі. Образдың тілдік атау ретінде іске асырылуы субъект санасының метакогнитивтік белсенділігіне байланысты болады. Екінші атау ретінде поэтонимдер тек бір субъектінің ғана емес, тұтас халықтың дүниетанымынан, өмір салтынан, тұрмыс-тәжірибесінен, талап-талғамынан хабардар етеді десек, романдағы негізгі кейіпкер Шолпан есімінің образдық-фондық негізіне таң алдында жалғыз тұрып, жарқырап көзге түсетін Шолпан жұлдызының қазақ дүниетанымында сұлулықтың символы болу қызметі алынады. Әйтсе де Ғабиден Мұстафин сомдаған «мөлдір кара көзді, уылжыған жас» Шолпан – «үріпауызға салғандай» сұлу, «үлгі көрген», «үлкеннің алдын кесіп өтпейтін» ізетті, басына «жағын жібекпен жиып, ұсақ меруерттер тізген ақ торғын жаулық» салған, «ақ тұйғынша қолға қондырылып, не ақ гүлше омырауға тағылған» көркіне сәулеті сай, «оңашада домбыра тартып, ән салып отыратын» өнерлі жан. Демек, Ғ. Мұстафин кейіпкеріне Шолпан есімін таңдағанда, бұл есімнің сұлулық категориясына қатысын ескеріп қана қоймайды, оған қазақ әйелінің сән-салтанатының, тәрбиетәлімінің ұлттық нақышын, даралық белгісін дарытып жұмсайды. Мәселен, ...Шолпан да қыз күнінде домбыра тартып, ән салады екен. Мырзаға келген соң, қойды. Өйтсе де, оңаша қалғанда домбыра шертіп отырады дейді. Өзі сондай үлгілі қыз. Үлкен адамға жол береді, әдепті (Мұстафин, 2013: 57) немесе ...Мөлдір қара көзі Аманға телміріп, әлденені сұрағандай,

«айтсаңшы!» деп қиылғандай болатын. Бұл жолы да қара көз телміре қарады. Бірақ бұрынғыдай мөлдір, ойнақы емес, күнгірт тартып, баяу қозғалады. Жас па, ой ма, қайғы ма, әйтеуір, жаулықпен бірге бір көлеңке басыпты. Жағын жібекпен жиып, ұсақ меруерттер тізген екен, ақ торғын жаулықтың ішінде уылжыған жас әйел үріп ауызға салғандай. Әйтпесе ақ тұйғынша қолға қондырып не ақ гүлше омырауға тағып алғандай (Мұстафин, 2013: 53).

Тілдік бірлік ретінде поэтонимдер аталымның жалпы заңдылықтарымен және ат қоюдың жалпы қағидаттарымен, тіл иесінің қоғамдық өмірінің мәдени, әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылықтық секілді қырларымен тығыз байланыста болады да, көркем шығарманың идеялық және мазмұндық тұтастығына қызмет етеді

Қазақ есімдерінің поэтонимдер деген тақырыптық тобының астарында қазақи мінез, әзіл-қалжың, салт-дәстүр, тарихы, тұрмыстық мәдениеті т.б. көрініс тауып жатады. Тіл мен мәдениет сабақтастығында ұлттық болмысты сипаттайтын мұндай атаулардың туындауын көркем шығарма әлемінде Шығайбай, Алдаркөсе, Қожанасырдан бастап, кейінгі Дайрабай, Мырқымбай, Судыр Ахмет, Қаракатын секілді дәстүр жалғасымын тауып, әлі де қалыптасу, даму үстіндегі «жанды» үдеріс деп тануға болады. Жалпы көркем шығармада кездесетін антропонимдер, топонимдер, этнонимдер тағы басқада жалқы есімдерге көркем шығарма тіліне қатысты «поэтонимдер» деген «ат қойылып, айдар тағылғаны» болмаса, олар «өзінше бір жеке дара, дербес әлем» емес, керісінше тілдің ономастикалық жүйесінің құрамдас бөліктері. Сондықтан да олар тілдік ономастикалық қорының қалыптасу, даму тарихымен, ұлттық таным-тағылыммен, тарихи-мәдени дереккөздермен ұштастырылады.

Қаламгер «Дауылдан кейін» әдеби туындысында қазақ халқына түсінік-танымынан туындаған өзге суреткерлердің кейіпкер бейнесін беру негізінде мәдени фон туғызады.

Мырқымбай, Мырқымбай, бай-бай,
Сен жай жүрмейсің ай-ай-ай! ...

Қантты беріп, баланы арқасынан қақты да:

– Аға-ау, Бейімбет ақынымыз жазған екен, – депті Аман. – Біздің ауылдағы Байбол ауылнайымыздың дәл өзі емес пе? (Мұстафин, 2013: 62).

Мырқымбай – қазақ танымында дала қазағының жиынтық бейнесінен тұратын кейіпкер. Ол аңғал да аңқаулығы басым, сонымен

қоса адал да өте сенгіш, айтқанға көмбіс, өз өмірі мен қарабайыр тіршілігіне аса бір ризашылдық, қанағатпен қарайтын, ешкімге зияны, қақ-соқпен жұмысы болмайтын, алды-артын ойлай қоймайтын қарапайым адам ретінде қазақ оқырмандарының жүрегінен жол тапқан күлкілі кейіпкер болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезге дейін ел ішінде және басқа да көркем шығармаларда (І. Жансүгіровтың фельетонында, т.б.) қолданыста жүретін активті сөз, қарапайым ауыл қазағына тән қасиеттерді бойына жинақтаған, онсыз қыр қазағын елестету және суреттеу мүмкін емес.

Ғабиден Мұстафин өз әдеби туындысында Мырқымбай деген кейіпкеріне есім таңдамағанымен, сол бейненің мінез-құлқын сипаттау негізінде сол кейіпкерді ұлттық бітім-болмыста айрықша суреттеді: Көп ауылға ойысқан Аманның басында келе жатқан сұрақтар еді бұл. Оның дәл жолында, өзгеден окшауырақ, бай ауылға жақынырақ қонған ақ үзікті, қоңыр туырлықты үй тұр. Үйдің белдеуіне ұзын құрық қыстырылған. Құрықтың басындағы қызыл ту тымық күнде баяу толқып қояды. Күн күлімдеп, ауыл алдындағы белеске иек артқанда, осы үйдің ұзын көлеңкесінен баса өтіп бара жатып: – «Ауылнай ұйқыда» – деді Аман ішінен. Кекеней айтты: «Шешек шыққандай жеке қонғаны несі!?» – деп, тағы бір қағытты. Ауылнай дегені – ауылдық кеңес ағасы Байбол. Кеңесі – жалғыз сумка. Сумка ішінде – жалғыз папка. Папка ішінде – тұтасынан сыдырып алған дөңгелек резеңке мөр. Сумканы Байбол мойнына салады. Мөрді кейінгі кезде ішкі төс қалтасына сап жүр. Сонымен бар кеңсе Байболдың бойынан табылатын. Жаңағы ту тігілген – оның өз үйі. Ауылдық кеңесті бір өзім, – деп, өзі отырған жерді кеңсем – деп ұғынатын ол. Сондықтан өз үйіне де ту тігіп қойған (Мұстафин, 2013: 69).

Ғалым М.В. Карпенко поэтонимдерге мынадай анықтама береді: «Кейіпкер есімі – көркем образдар жасайтын құралдардың бірі, ол кейіпкердің әлеуметтік байланысын сипаттай алады, ұлттық және жергілікті ерекшелікті жеткізе алады, ал егер әрекет бұрын орын алса, тарихи шындықты қайта көрсете алады» (Карпенко, 2007: 225). Осы тұрғыдан келгенде, зерделеп отырған көркем шығармамызда прецеденттік поэтонимдер де кездеседі. Суреткер халық зердесінде ұялап, ұлт жадында мәңгіге орын тепкен тарихи тұлғалар есімдерін оқиға желісіне байланысты, кейіпкердің рухани-мәдени өресіне қатысты қолданып отырады, яғни

оларды да белгілі бір мақсатты көздей отырып жұмсайды. Мысалы: Ең ақырында өлеңші жігіт Мәдидің өлеңін айтып берді (Мұстафин, 2013: 311). ... Үш жүзге мәлім Біржан сал, Ақан сері, Орта жүзге мәлім Сәтмағамбет, Ғазиз, Балуан Шолақтарды үйреткен көрінеді. Қасеннің інісі бала жігіт Мәдиді, бейтаныс қаракер келіншек Естайды, Майраны айтып берді (Мұстафин, 2013: 366). Ең жақсы көретін кенже інісі Тоқмағамбетке Бейімбеттің «Мырқымбайын», Сәкеннің, Илиястың өлеңдерін айтқызды (Мұстафин, 2013: 280). Демек, поэтонимдер ұлттық тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен қоғамдық өмірдің сабақтастығы жөніндегі аялық білімді, ұлттық сананың рухани тағылымдық сипатын таныта алатынымен мәнді.

Қорытынды

Тілдік санадағы мәдени көрсеткіштер дегеніміз – ұлттың рухани құндылықтарын тілдік тұрғыдан бағалау көрсеткіші. Олардың мәдени-фондық негізін көркем шығармада суреттелетін кезеңнің тарихи-рухани ерекшелігін ұлттық таным мен ойлаудың ежелгі дәстүрлі тәжірибесіне сүйене отырып айқындауға болады. Ғалымдардың «Тілдік бірліктер көркем туындының негізгі ойын беруде, оның әсемдік қырын сезіндіруде танымдық және бейнелілікке ие болады, сонымен бірге оларды әдеби шығармада басты рөлде тұратын негізгі таңбалар деуге болады» (Мурат, 2005: 26) деген пікірлермен сабақтастыруға болады.

Поэтонимдер өзінің уәждемелік астарына нақты бір кезеңнің тарихына, тұрмыс-тіршілігіне, рухани-мәдени әлеміне қатысты мәліметтерді жинақтайтындықтан, көркем туындының идеялық мазмұнына қызмет етеді. Осы тұрғыдан келгенде поэтонимдер аталымдық, идиоэтникалық мағынасы мен көркем мәтінде атқаратын лингвостилистикалық қызметінің біртұтастығына негізделетін және атау бойына поэтикалық қосымша реңктің үстемеленуіне жетелейтін тілдік үдеріс болып табылады.

Поэтонимдер – көркем ойлау мен ұлттық сананың өзіндік ерекшеліктерін этнос тарихының белгілі кезеңдерімен ұштастыратын, ғасырлар шежіресіндегі халық өмірінен кең мағлұмат беретін, этностың шынайы болмысын танытатын лингвоакпараттар көзі. Сондықтан да Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романындағы поэтонимдер ұлттық танымның тілдегі көрінісін, тіл фактілер мен халықтың пәлсафалық, этикалық-эстетикалық категорияларын, рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Келер ұрпақ тілдік мәдени көрсеткіштер арқылы ұлтымыздың өзіндік сипаты мен ерекшелігін көріп, оны айрықша құндылық ретінде сезіне алады. Бұл жайында ғылыми маңызды тұжырым жасаған Э. Сепир болатын: «Тіл құралдары арқылы ұлттық мәдениет көрініс береді. Олар – халықтың наным-сенімнен туған біздің қазіргі өмірде дәстүр болып жалғасқан тұғырымыз. Сондықтан тіл мен мәдениет өзінің тарихи аймағында өсіп-өркендеп, қажетті бағытта дамиды (Сепир, 2000: 186).

Поэтонимдердің фондық негізіне қазақи салттың тұрмыс-тіршілігі алынған, олар мәдени өмірімізден жас ұрпаққа сыр шертеді. Сондықтан болар «Көркем шығармадағы тілдік құралдардың басты белгісі – нақтылық немесе бейнелілік. Қоршаған орта, ұлттық менталитеттің ерекшелігінің образды бейнелі түрде берілуінде адамның танымдық білімі басты рөл атқарады» (Hasanov, Mynbayeva, 2015: 60), – дейді.

Тілші ғалымдардың айтқан ой-пікірлерін, өзіміздің зерттеу жұмысымызды талдай отыра, мынадай тұжырым жасадық, поэтонимдер – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, көркем шығарма кеңістігінде мәдениеттің негізін қалайтын ерекше сөздер. Поэтоним астарындағы мәдени-фондық негіз халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталады. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз ой-өресіне сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі болып саналады.

Әдебиеттер

- Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.
 Жанұзақ Т. Есімдер сыры. – Алматы: Парасат, 2004. – 208 б.
 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Астана: Фолиант, 2005. – 275 б.
 Мұстафин Ғ. Дауылдан кейін. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.
 Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 525 б.
 Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука, 2015. – 512 с.

- Карпенко М.В. Русская антропонимика. – Москва: Мир науки, 2007. – 325 с.
Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Парасат, 2014. – 728 б.
Мурат В. Об основных проблемах стилистики. – Москва: Наука, 2005. – 428 б.
Сепир Э. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Мир науки, 2000. – 325 с.
Hasanov G.K., Mynbayeva A.P., Duisenbayeva G.Z., Mukhamejanova G.T., Aldasheva K.S., Kongyratbay K.T. Fundamentals of cognitive metaphor // Asian Social Science. – 2015. – Vol.11(18). – P. 82-85p.

References

- Qaidar, A.T. (1998) Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
Januzaq, T. (2004) Esimder syry [The secret of names] (Parasat). Almaty. (in Kazakh)
Madiyeva, G.B., Imanberdiyeva S.Q. (2005) Onomastika: zerttey maseleleri. [Onomastics: research problems]. Astana. (in Kazakh)
Mustafin, G. (2013) Dayldan keiin [After the storm]. Astana. (in Kazakh)
Januzaq, T. (2009) Qazaq esimderinin anyqtamalygy [Directory of Kazakh names]. Almaty. (in Kazakh)
Nikonov, V.A. (2015) Ima i obshestvo [Name and society]. Moscow. (in Russian)
Karpenko, M.V. (2007) Rysskaia antroponimika [Russian anthroponymy]. Moscow. (in Russian)
Qazaq tilinin tusindirmeli sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (2004). Almaty. (in Kazakh)
Myrat, V. (2005) Ob osnovnyh problemah stilisiki [About the main problems of stylistics]. Moscow. (in Russian)
Sepir, E. (2000) Izbrannye trydy po iazykoznanii [Selected works on linguistics]. Moscow. (in Russian)
Hasanov, G.K., Mynbayeva, A.P., Duisenbayeva, G.Z., Mukhamejanova, G.T., Aldasheva, K.S., Kongyratbay K.T. (2015) Fundamentals of cognitive metaphor. Asian Social Science. Vol.11(18). P. 82-85p.